

Хаттама №2

«Курчатов қалалық №4 ЖББОМ» КММ
«Қамқоршылық кеңес шешімімен
мектеп оқушыларын оқыту-техникалық
(компьютер) базаларымен қамту туралы

«Курчатов қалалық №4 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ әлеуметтік жағдайы төмен және көп балалы, аз қамтылған отбасылардың тұрмыстық жағдайы мен өмір сүру деңгейін, оқушының білім алу мүмкіндігін бақылау нәтижесінде «Қамқоршылық кеңес» жұмысының шешімімен отбасы жағдайы төмен және оқыту мүмкіндігі келмеген ата-аналардың жазған өтініштері арқылы мектептің білім беру базасынан оқытуға арналған компьютерлер мен ноутбуктерді уақытша пайдалануға беруге қатысты мектеп әкімшілігінде сынып жетекшілері мен мұғалімдері қатысқан жиын өтті. Жиынға қатысқаны - Қатыспағаны – 0.

Күн тәртібінде:

1. Мектеп әкімшілігі тарапынан «Қамқоршылық кеңес» шешімі нәтижесінде оқушылардың білім алу мүмкіндігін туғызу мақсатында мектептің оқыту – техникалық базасын белгілеу. (Мектеп директоры Қ.М.Малгаждарова)
2. Оқытуға арналған мектеп базасындағы компьютерлер мен ноутбуктардың үлестірілуі мен қолданыс мүмкіндігі. (М.д.тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Н.Алпысбаева)
(Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Алпысбаева М.Н.)
3. Оқыту-техникалық база арқылы білім алу мүмкіндігін көтеру мен білім беруде бақылау. (М.д.оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жанат Мейрамғалиевна)

Тыңдалды.

Күн тәртібіне негізделген жиында мектеп директоры Қ.М.Малгаждарова жаңа оқу тоқсанында оқу кезеңінде көмек сұраған және бақылау нәтижесінде анықталған отбасыларға мектептің білім беру базасынан «Қамқоршылық кеңес» шешімі нәтижесінде 54 отбасыға компьютер мен ноутбуктар берілді. Оқу кезеңінде қолдану нұсқаулықтары жасалғанын айтты. Алынған оқыту базаларының пайдалануға жарамдылығын сақтау ескерілді.

Жиын барысындағы оқушылардың отбасылық мүмкіндігі тексерілгені және пайдалану мен оқыту платформаларын қолданудағы берілетін кеңестерді директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жанат Мейрамғалиевна ескертті.

Компьютер мен ноутбуктарды ұсыну мен пайдалану өтініштерін қабылдау және қолдану кезеңіндегі кеңестер туралы қосымша ақпаратты Маржан Нұрланқызы толық атап айтып өтті. Жиын соңында аталған мәселелер бойынша қаулы қабылданды.

Қаулы:

1. Мектеп әкімшілігі тарапынан «Қамқоршылық кеңес» шешімі нәтижесінде оқушылардың білім алу мүмкіндігін туғызу мақсатында мектептің оқыту – техникалық базасын одан әрі дамыту мен қолдау білдіруді жалғастыру;
2. Оқытуға арналған мектеп базасындағы компьютерлер мен ноутбуктардың үлестірілуі мен қолдану мүмкіндігіне қатысты бақылау жасап отыру және қабылдап алу;
3. Оқыту-техникалық база арқылы білім алу мүмкіндігін көтеру мен білім беруде бақылау жасау арқылы оқушылардың үлгерімі мен сапасын анықтау.

Хатшы
Мектеп директоры
М.д.тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары



Жунусова А.К.
Малгаждарова Қ.М.

Алпысбаева М.Н.